

ЗАМАНУИ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ ҰРПАҚҚА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

*Бахтығалиева Ә.Б.,
Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ,
бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының лаборанты*

Әр дәуірдің өз ұланы, өз ұрпағы болады. Өткен ғасыр ұрпағы мен бүгінгі ХХІ- ғасыр жастарының арасында айырмашылықтар көп.

Ғылым мен техниканың дамыған уақытында ұрпақ тәрбиелеу, оқыту мен ұлттық тәрбиеге баулу мәселелерінің барлығы қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге сай болашақ ұрпақты бейімдеу. Сондықтан да болар ұлт тәрбиесінің өзегі бүгінгі күнгі мәселесі ұрпақ тәрбиесінде жатыр. Өскелең ұрпаққа алдыңғы толқын үнемі дұрыс ақыл айтып, жол сілтеп, ұлттық тәрбиені, үлгі-өнегіні танытса, болашақ ұрпақтың адаспайтыны ақиқат.

Ұлттық тәрбиедегі тағы бір мақсат, ұлттық рухани мұрадағы адам жанын ізгілендіретін көркемдік ойларды зерттеу, жариялау, адамгершілікке, шығармашылыққа шақырар амалдарды негізге алу болып табылады. Ұлттық болмысты құндылықтарды құрметтей отырып, сезімі мол ұрпақты тәрбиелейтін тұлғаның ұстанымы қашанда рухани мұрамен астасып, айшықталары рас.

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған «Қазақстан - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» - деп аталатын Жолдауында мынандай тұжырым бар: «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Міне, сол армандар ақиқатқа айналып келеді. Мәңгілік Елдің іргетасы қаланды». Әрине, осы түпкілікті мақсатқа қол жеткізудің бірден-бір жолы, заманауи кезеңге лайықты білім мен өнердің жолында еңбекқорлықпен, ізденімпаздықпен, жаңашылдықпен талпыну. Уақыт замана талаптарына сай жаңаша білім алу мен көркемдік

ойлаудың ғаламдық үрдісінде де бастаған жастардың санасында елдіктің, рухани өрлеудің, ұлттық жаңғырудың ұстамдарын бекіту- мемлекетіміздің кепілі, болашағымыздың тірегі екендігіне ешкім шүбә келтірмейді.

Бұл – рухани қажеттілік қана емес, мемлекетіміздің саяси ынтымағы мен бірлігін дәйектейтін, адамдар арасында береке мен құрмет көпірін орнықтыратын өмір сұранысының кепілі.

Бүгінгі университет қабырғасында берілетін білім, жастардың бойына отаншылдық рухты баулу, өз ұлтының өнері мен дәстүрінің озық үлгілеріне деген мақтаныш сезімдерін қалыптастыру.

Ең бастысы - бүгінгі заманауи технологияның дамуында, ұлттық өнер түрлерінде көркемдікпен бейнеленуін қарастыру - қазіргі бейнелеу өнерінің қаншалықты дәрежеде игерілгенін талдау болып табылады.

Бейнелеу өнеріндегі көркемдік ерекшеліктер арқылы ұлттық тәрбие беру өмір шындығымен тікелей астасып жатқан, заманауи технологияны тереңінен пайымдап, адам мен қоғам болмысының тұтас бейнесін айшықтайтын сала - тұрмыстық жанр.

Қазақстандағы бейнелеу өнерінің қалыптасуы мен өркендеуі де, тұтастай алғанда, тұрмыстық жанрды айналып өткен жоқ. Оның түпкі нышандарының алғашқы байқалу сәтінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі орасан жетістіктер әр түрлі кезеңдерді бастан өткерді. Сондықтан оның тарихи әлеуметтік алғы шарттарын, көркемдік қалыптасу кезеңдерін, шығармашылық даму ерекшеліктерін қарастырып өтуіміз керек.

Демек, Қазақстанның сыршырай өнерінің қалыптасуы мен дамуындағы ең басты екі факторды былайша ажыратуға болады:

экзогенді – сыртқы: орыс реалистерінің тікелей әсері, әлемдік бейнелеу өнеріне жанама ықпалы т.б. Бұнда әлеуметтік, саяси - идеологиялық факторлар басты роль атқарады.

этногенді - ішкі: ұлттық өнердегі тарихи қалыптасқан дағдылар, байырғы нышандар, ұлттық бейімденушілік пен талант т.б.

Мұндай психологиялық ұлттық сана-сезімнің көркемдік қуаты, тәрбие арқылы жүзеге асырылады. Себебі, біз назарға алып отырған көркемдік екершіліктер ұлттық тәрбие берудің арқасында ғана, осы саланың генезисі бір ғасыр көлемінде жүзеге

асқан. Мұндай ұзақ мерзім сыршырай өнері үшін онша үлкен мерзім емес, өйткені осы өнер саласы батыс елдерінде жүздеген жылдар бойы түрлі шығармашылықта шындалып өркендеген [1].

Тәуелсіздік жылдары қарқынды дамыған өнердің салалары сәулет, мүсін және сыршырай өнері болып табылады. Бейнелеу өнерінің қайраткерлері тарихи тұлғаларға арнап дәстүрлі де, классикалық та, модерндік сияқты көркемдік ерекшеліктерде түрлі ескерткіштер орнатып, елімізге танымдық мәні бар өнер туындыларын жасап, сондай-ақ сәулетшілер қалаларда әртүрлі стильде ғимараттар мен үйлер тұрғызып шаһарларымыздың көркейуіне үлесін қосуда.

Бейнелеу өнеріндегі ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы әрбір қазақтың еркін өмір сүруінің кепілі. Ол сөзсіз болашақ ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің қамы деген ұғымды білдіреді. Бұдан шығатын негізгі мақсат - ұлттық тәрбие берудің идеясы ата-бабалар алдындағы қарызбен, болашақ ұрпақ алдындағы ұлттық – тәрбие берудің мақсаты деп түсінуіміз керек. Өйткені, біз қазіргі заманауи кезеңдерде бүкіл адамзат баласы жасап жатқан өркениетті елдермен ілесе дамуға тиіс мәдениеттің - ұлттық мәдениетті зайырлы елдердің белсенді мүшесі болып саналамыз.

Біздің ойымызша өнерге оқыту арқылы ұлттық тәрбие өзара тығыз байланысты ең үлкен екі бастаудан нәр алады. Оның біріншісі: қазақ халқының тарихи қалыптасқан тағдыры, төзімділігі, шапағаты, парасаттылығы, т.б. ерекшеліктерін айтамыз.

Таратып айтсақ осындай ерекшеліктер ұлттық мәдениет пен өнерде салт-дәстүрде, тіл мен дінде, түрлі көркемдік ерекшеліктермен көрініс табуы керек. Екіншісі: бүгінгі заманауи кезең аясындағы бастан кешіріп отырған қоғамдық, әлеуметтік, психологиялық ахуал болып табылады.

Ұлттық тәрбиенің мақсаты - ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпы азаматтық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеумен ұштасады.

Ал, ұлттық тәрбиенің міндеті- мәдени әлеуметтік, заманауи талаптарға сай, интеллектуальдық, инновациялық жүйенің

дамуын қамтамасыз ететін парасатты, ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу [2].

Ендеше, «Ел боламың десең, бесігіңді түзе» демекші ел болып ұлт болып қаламыз десек, заман ағымына қарай бейнелеу өнеріндегі көркемдік, шығармашылық ерекшеліктер арқылы ұлттық тәрбие берудің негізгі мақсаты, ұлттық тәрбие бірлігіне қол жеткізе отырып, ғасырдың жаңа сипаттағы ұлттық өнердің көркемдік ерекшеліктерімен интеллектуальды шығармашылықты басты нысанға алу қажет деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бытовой жанр. Истоки: Материалы из Википедии-свободной энциклопедии: Версияи

2. Әлемдік мәдениеттану ой санасы. Қазақстанның қазіргі заманғы мәдениеттану парадигмалары /10томдық- Алматы: Жазушы, 2006.

3. Молдабеков Ж,Төлтуманың рухани бастаулары// Проблема духовности в современном мире.Сборник материалов международной научно-теоретической конференции, посвященной 70-летию К.Ш.Шүлембаева, 16-17 марта 2007. КазНПУ им.Абая, ИФиП МОН РК, АСНК, Алматы.-Издательство «СаГа»-2007.

ДИЗАЙНДЫҚ ӨНЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНДА ДАМУ ҮРДІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕРДІҢ ЖАҚЫНДАСУ ТҰСТАРЫ

Бодиков С. Ж.

*Академик Е.А. Бөкетов
атындағы ҚарМУ, аға оқытушы*

Ұлттық дәстүрлердің көркем білім берудегі және бейнелеу өнеріндегі жақындасуын саралау мәдениеті және өнер тарихы дәстүрлері арқылы студенттердің шығармашылық іс-әрекеттерін жетілдіру маңызы қарастырылған. Жоғары білім беру жүйесінде болашақ өнер мамандарының шығармашылық іс-әрекеттерін жетілдіруге қатысты өнердегі дәстүр